

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

“КМФ” микроқаржылық ұйымының қызметі құрылған сәтінен бастап әлеуметтік жауапкершілікке негізделген. Компания кредиттеу шарттарын ұдайы жақсартып отыруға және клиенттеріне қосымша қызметтер, соның ішінде қаржылық емес қызметтер көрсетуге ұмтылады. 2013 жылдың желтоқсанында “КМФ-Демеу” Корпоративтік Қорымен бірлесіп жаңа қаржылық емес өнім – халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бағдарламасы бойынша тегін оқыту іске қосылды. Жоба іске қосылған сәттен бастап 8 жылдың ішінде бүкіл Қазақстан бойынша 160 000 астам адам қаржылық білімдерін арттыра алды. “КМФ”-тің әлеуметтік миссиясы сапалы қызмет көрсете отырып, клиенттің қаржылық сауаттылығын арттыру болып табылады.

Қаржылық сауаттылықты арттырыңыз!

Сіз “Жеке қаржы: қалай үнемдеуге және көбейтуге болады” кітапшасын осы QR-код арқылы жүктей аласыз.*




Осы QR-кодты пайдаланып, өткен сабақтар бойынша кері байланыс қалдырыңыз.*



*Android платформасындағы телефоннан QR-кодты оқу үшін QR-кодтарды сканерлейтін мобильді қосымшаны орнату қажет, ал IOS платформасындағы телефондарда QR-кодтардың сканері камераға орнатылған.

“KMF” ҚОСЫМШАСЫМЕН МҮМКІНДІКТЕР МОЛ!



iOS үшін ▼



Android үшін ▼



Сұрақтарыңыз бен ұсыныстарыңызды келесі қатынас арналары арқылы жолдай аласыздар

Байланыс орталығы

8 800 080 58 00

стационарлы телефоннан қоңырау
шалу тегін

Жазбаша өтініш

бөлімше бастығына,
филиал директорына

WhatsApp 8 701 801 7474

чатқа өту үшін QR-кодты сканерлеңіз



Байланыс орталығы

7474

ұялы телефоннан қоңырау
шалу тегін

Сенім жәшігі

әр бөлімшеде
орналасқан

doverie@kmf.kz

“КМФ” Бірінші басшысының
электрондық поштасына



**БІЗ ҮНЕМІ
БАЙЛАНЫСТАМЫЗ!**

**Кредитті өзіңізге ыңғайлы
кез келген тәсілмен өтеуге болады:**

KMF-ДЕМЕУ



“КМФ” кеңселеріндегі касса және
“КМФ” терминалдары арқылы;



“QIWI” және “Касса 24”
төлем терминалдары арқылы;



“КМФ”-тің серіктес-банктерінің бөлімшелерінде: “Қазақстан Халық банкі” АҚ,
“Банк ЦентрКредит” АҚ, “Қазпошта” бөлімшелерінде;



“КМФ”-тің мобильді қосымшасы
арқылы;



www.kmf.kz сайтында онлайн
кредит өтеу.



**ОТБАСЫНЫҢ
ТАБЫСТАРЫ МЕН
ШЫҒЫСТАРЫН
ЖОСПАРЛАУ – БҰЛ
ҚАРЖЫЛАЙ ТАБЫСҚА
ЖЕТУДІҢ НЕГІЗІ!**



**АЙ САЙЫН
ОТБАСЫ БЮДЖЕТІН
ЖОСПАРЛАП, ОНЫҢ
ОРЫНДАЛУЫН БАҚЫЛАУ
ӨТЕ МАҢЫЗДЫ.**

**БИЗНЕС БОЙЫНША
ТАБЫСТАР МЕН
ШЫҒЫСТАРДЫҢ
ЕСЕБІН ЖҮРГІЗГЕН
МАҢЫЗДЫ!**



ОТБАСЫ ШЫҒЫСТАРЫ МЕН КІРІСТЕРІНІҢ ЕСЕП КЕСТЕСІ

Отбасы кірістері	Жоспар	Факт
Бизнестен түскен табыс		
Жалақы		
Жинақ ақша бойынша пайыздан түскен табыс		
Басқа да кірістер		
Жиыны		
Отбасы шығыстары		
Отбасының қажетті шығыстары		
Тамақтану		
Коммуналдық төлемдер, байланыс		
Көлік шығындары		
Оқу ақысын төлеу		
Медициналық шығыстар		
Басқалары		
Жұмсалмайтын қор		
Жиыны		
Отбасының қосымша шығыстары		
Жендеу		
Той, салтанат, ойын-сауық		
Күтпеген шығыстар		
Жиыны		
Бизнестің шығыстары		
Жалға алу		
Кредит бойынша төлем		
Тауар, шикізат сатып алу		
Көлік шығыстары		
Өзге		
Жиыны		
Жалпы кірістер		
Жалпы шығындар		
Жинақтар		



АҚША САНАҒАНДЫ ҰНАТАДЫ!

Сіз ақшаңыздың қайда кететінін білгіңіз келе ме? Кірістеріңіз бен шығыстарыңызды талдаңыз, ақшаңызды “жымқыратындарды” анықтаңыз және олардан құтылуға тырысып көріңіз.

“АҚША ҰРЛАҒЫШТАР” – ОРЫНСЫЗ ШЫҒЫНДАР

- Қажетсіз заттарды сатып алу
- Қызғаныш және көршіден қалғысы келмеу
- Шектен тыс және көрсе қызарлықпен сатып алу
- Супермаркеттердің жеңілдік науқандары
- Жарнамалық хабарландырулардың әсері
- Балалардың қалауы (ойыншықтар, тәттілер, кәмпиттер)
- Темекі тарту және басқа да зиянды әдеттер
- Денсаулықты күтпеу
- Құмар ойындар
- Электр қуатын, газды, суды үнемсіз пайдалану
- Жанармайды көп жағатын көлікті шектен тыс пайдалану
- Дәмханаларда, асханаларда тамақтану
- Жылдам кредит алуға адамды итермелейтін банктердің, дүкендердің акциялары, онлайн-кредиттер

“АҚШАНЫ САҚТАУШЫЛАР” – ОРЫНДЫ ШЕШІМДЕР

- Өзгеде бардың менде де болуы міндетті емес
- Сауданы алдын ала жазылған тізім негізінде жасау
- Жарнамалық хабарландыруларда айтылғанның барлығына сене бермеу
- Балаларға қалағанының барлығын сатып алып беру мүмкін еместігін түсіндіру
- Тартатын темекі санын шектеу, шылым шегуден бас тарту
- Дәрігерге уақытылы қаралу және дәрі-дәрмектерді пайдалану
- Құмар ойындардан бас тарту
- Үнемді шамдарды пайдалану
- Автокөлікті қажеттілігіне қарай пайдалану
- Асханалар мен фастфудты (жылдам тамақтану) пайдаланудың орнына жұмысқа таңғы, түскі ас апару
- Нақты қаржылық мақсаттар қою, науқандарға алданбау

КРЕДИТ: ҚИЫНДЫҚТАРДАН ҚАЛАЙ ҚУТЫЛУҒА БОЛАДЫ?

ПАЙДАЛЫ КРЕДИТ

Бизнеске және үй шаруашылығына салу үшін алынған кредиттер. Бизнеске алынған кредит – қосымша табыс алуға мүмкіндік береді. Үй шаруашылығына алынған кредит – оның құнын арттырады.

ПАЙДАСЫЗ КРЕДИТ

Тұтынушылық мақсаттарға және болжанбаған жағдайларға алынған кредиттер. Неліктен? Тұтынушылық мақсаттар және болжанбаған жағдайлар – белгіленген үстеме ақысы бар қарыз қаражат есебінен қалауымызды қанағаттандыру немесе орын алған қиын жағдайды шешу. Осындай мақсаттар үшін мүмкіндігінше жинақ ақша мен жұмсалмайтын қорды (ЖҚ) пайдаланған дұрыс.



ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТТІЛІГІҢІЗДІ ҚАЛАЙ АНЫҚТАУҒА БОЛАДЫ?

Біз қандай кредиттердің жақсы екенін, ал қандай кредиттерден бас тартқан жөн екенін анықтадық. Алайда, алған кредитті уақытылы өтей алмасақ, ең жақсы деген кредиттің өзі бізге қиындық тудыруы мүмкін. Ондай жағдайдан өзінді қалай сақтауға болады? Бізге төлем қабілеттілігімізді бағалау (немесе отбасы бюджетінің таза қалдығын есептеу) қажет – яғни қарызды өтей алу қабілеттілігін бағалау керек. Бұл жерде кредиттің бизнесті дамытуға немесе тұтынушылық мақсаттарға алынатындығын анықтап алуды ұсынамыз. **Бизнес-кредит** төлем қабілеттілігін бағалау үшін келесі есепті пайдалануға кеңес береміз:

$$\frac{\text{Кредит бойынша айлық төлем сомасы}}{\text{Жалпы кіріс} - \text{Жалпы шығыс}} < 70\%$$

Нәтижесі 70%-дан аспауы тиіс. Егер кредит бойынша төлейтін сома оның таза кірісінің 70%-нан аспайтын болса, отбасы қалыпты өмір сүріп, жоспарланбаған шығындарды төлей алады деп есептеледі (отбасының жалпы кірісінен отбасының барлық шығысын алып тастау).

МЫСАЛЫ

Кредит бойынша төлем сомасы.....	30 000 теңге
Отбасының жалпы айлық кірісі.....	160 000 теңге
Отбасының жалпы айлық шығысы.....	120 000 теңге
Төлем қабілеттілігі.....	75%

75%-дық нәтиже нені білдіреді? Бұл отбасының кредитті өтеу қабілеттілігі жол берілетін деңгейге сәйкес келмейді. Олар кредитті өтеуге табысының көп бөлігін жұмсауға мәжбүр. Бұл олардың өз шығыстарын тым азайтып, біраз нәрседен бас тартуына тура келетінін немесе кредитті өтеу барысында қиындық туындауы мүмкін екенін көрсетеді. Басқаша айтқанда, олар тым көп қарыз алды.



ТҰТЫНУШЫЛЫҚ МАҚСАТТАҒЫ КРЕДИТ ҮШІН

Тұтынушылық кредит алғысы келген отбасының төлем қабілетін есептеу үшін отбасы мүшесінің кіріс сомасын және отбасының шығыстарын салыстыруды ұсынамыз. Бұл ретте клиенттің барлық кредиттері бойынша төлемдері ескеріледі. Нәтижесінде кіріс отбасының барлық шығыстарының 50% -нан асуы немесе тең болуы тиіс.

$$\frac{\text{Қарыз алушының кірісі}}{\text{Барлық шығыстары}} \geq 50\%$$



ШАМАДАН ТЫС КРЕДИТ АЛУ БЕЛГІЛЕРІ

- ! Сіздің таза табысыңызбен салыстырғанда төлейтін кредитіңіздің сомасы өте жоғары.
- ! Қолданыстағы кредитті өтеу үшін жаңа кредит рәсімдейсіз.
- ! Сіз әдетте қалтаңыздағы ақшаға алатын затты кредитке сатып алатын болдыңыз.
- ! Сіз кредиттеріңізді өтеу үшін жинақ ақшаны пайдаланасыз.
- ! Сізге кредиттің өтеу мерзімін ұзарту үшін өтінім қалдыруға тура келді.
- ! Сіз отбасыңыздың күнделікті шығыстарын төлеу үшін кредит аласыз.




ҚАУІПТІ АЙМАҚ!



Кредиттің шамадан тыс болуы кредиттің мерзімін өткізіп алуға және төлемеуге әкелуі мүмкін.

Мерзімін өткізіп алу – шартпен қарастырылған өтеу мерзімдерін бұзу.

Төлемеу – кредитті қайтаруға мүмкіндіктің болмауы.



МЕРЗІМІН ӨТКІЗУ САЛДАРЫ

ТӨЛЕМЕУ САЛДАРЫ

Топтық кредит беру кезінде топқа мүше ретінде қабылдамауы мүмкін – топтан шығарып жіберу.

Қосымша шығыстар – өсімақылар мен айыппұлдарды төлеу.

Келесі қарыздарды тиімді шарттармен алу мүмкіндігінен айырылу.

Келесі кредиттердің шарттары ағымдағыға қарағанда тиімсіздеу болуы мүмкін.

Әріптестері мен қызметкерлердің алдында беделін жоғалту.


Кепілден айырылу.

Сот шығындары – кредиторлар әдетте сотқа шағым түсіреді.

Кез келген банктен кредит ала алмау – өтелмеген төлемдер туралы ақпарат кредиттік бюроға енгізіледі.

Кредиттік тарихының жағымсыз болуы.

ЖИНАҚ АҚША МЕН ИНВЕСТИЦИЯЛАР



ТАБЫСТЫ АҚША ЖИНАУ ЕРЕЖЕСІ

- ✓ Ақша жинауды нақты мақсат етіп қойыңыз және оны аз сомадан бастасаңыз да қадағалаңыз.
- ✓ Шығыстарды бақылаңыз – олардың есебін жүргізіңіз.
- ✓ Беталды ақша жұмсамаңыз!
- ✓ Егер қажетсіз затты сатып алуды бастасаңыз, Сіз қажетті затыңыздан айырылып қалуыңыз мүмкін.
- ✓ Жұмсағаннан қалған ақшаны жинамаңыз, керісінше жинағаннан қалғанды жұмсаңыз.
- ✓ Ақшаны тұрақты түрде жинаңыз!
Ақша жинауға бағыланыңыз.
- ✓ Өзіңе және отбасы мүшелеріне қосымша табыс табу мүмкіндіктерін қарастырыңыз.
- ✓ Тауарлар мен азық-түлікті маусымдық төмен бағамен сатып алыңыз: маусымның соңында киім мен аяқ-киім маусымның басына қарағанда арзанырақ; көкөністер мен жемістерді маусымына қарай сатып алыңыз.
- ✓ Газды, электр қуатын, суды үнемдеу мүмкіндігін пайдаланыңыз.
- ✓ Ұзақ сақталатын кейбір өнімдерді (ұн, қант, өсімдік майы) көтерме бағада көп мөлшерде сатып алу мүмкіндігін іздеңіз.

Соңғы уақытта қаржылық инвестициялық құралдардың біраз түрлері танымал болып келеді. Ең көп тарағандары:

- ▶ **Инвестициялық пай қоры (ИПК)** әр түрлі инвесторлардың ақшаларын оларды қандай да бір қаржы құралдарына: акцияларға, облигацияларға, жылжымайтын мүлікке немесе басқаларға инвестициялау үшін біріктіреді;
- ▶ **Бағалы қағаздар** – акциялар, облигациялар;
- ▶ **Бизнеске инвестициялар;**
- ▶ **Алтынға инвестициялау.**



ЖАҢА БАСТАҒАН ИНВЕСТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН НЕГІЗГІ КЕҢЕСТЕР

- ✔ Ешқашан соңғы ақшаңызды инвестицияламаңыз. Алдымен, өзіңізге сенімді қор дайындап алыңыз: 3-тен 6-ға дейінгі айлық кірісіңізді сенімді банкке депозитке салыңыз.
- ✔ Тәуекел мен кіріс өзара байланысты екенін естен шығармаңыз. Егер кейбір акциялар күрт қымбаттайтын болса (немесе олар Сізге көтерілуі керек сияқты болса), сол сияқты олардың бағасы күрт төмендеуі мүмкін (немесе бір деңгейде қалуы мүмкін).
- ✔ “Барлық жұмыртқаны бір себетке салмаңыз” қағидасын ұстаныңыз. Егер Сіз акцияларға ақша салуды шешсеңіз, әр түрлі салалардан бірнеше компанияны таңдаңыз.
- ✔ Әрқашан жаңалықтарды қадағалап отырыңыз. Егер Сіз қандай да бір компанияның ортақ иесі болсаңыз, оның жай-күйі қалай болып жатқанын және оның бағалы қағаздарының бағасы қандай екенін назарда ұстаңыз.

Ең бастысы!

- ✔ Күніне 100, 200, 500% табасыз деген уәделерге сенбеңіз! Тек алаяқтар нарықта көз келген нәрсеге кепілдік бере алады. Ал жауапты брокер (немесе БК) Сізге тәуекелдер туралы ескертуі тиіс. Жағдай өте құбылмалы және қабылдаған шешімдер үшін өзіңіз ғана жауап бересіз. _____ 13

КӘСІПКЕР НЕ ҮШІН ОҚУЫ ҚАЖЕТ?

“КМФ”-пен таңғы шай ішуге келіңіз,
төмендегі тақырыптар бойынша көп нәрсе үйренесіз:

- ◆ бизнес-ойлау;
- ◆ бизнес-идея ойлап табу;
- ◆ бизнеске арналған маркетинг;
- ◆ бизнесті әртараптандыру;
- ◆ сату техникалары;
- ◆ тиімді бизнес команда құру;
- ◆ салық және құқық;
- ◆ білікті кәсіпкердің дағдылары;
- ◆ жеке қаржы және басқа тақырыптар.

Сіз өзіңіздің кредиттік сарапшыңыз арқылы оқу кестесімен таныса аласыз немесе тренинг өткізуге жүгіне аласыз, сонымен қатар өз өңіріңіздегі “КМФ” бөлімшесінің жаңалықтарын қалт жібермеңіз!




QR-код арқылы Instagram-дағы “КМФ-Демеу” парақшасына өтіп, қаржылық сауаттылығыңызды арттырыңыз!


КМФ-ДЕМЕУ



№ / Күні	Кіріс	Шығыс	Қалдық	Ескерту
Примечание	Остаток	Расход	Приход	№ / Дата



№ / Күні	Кіріс	Шығыс	Қалдық	Ескерту
Примечание	Остаток	Расход	Приход	№ / Дата



№ / Күні	Кіріс	Шығыс	Қалдық	Ескерту
Примечание	Остаток	Расход	Приход	№ / Дата

